



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ
ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

А.БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚОСТАНАЙ ӨңІРЛІК УНИВЕРСИТЕТІ



ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ МӘДЕНИЕТ БАСҚАРМАСЫНЫҢ "ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСТЫҚ
МЕМОРИАЛДЫҚ МҰРАЖАЙЫ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "КОСТАНАЙСКИЙ ОБЛАСТНОЙ МЕМОРИАЛЬНЫЙ
МУЗЕЙ ИБРАЯ АЛТЫНСАРИНА" УПРАВЛЕНИЯ КУЛЬТУРЫ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ИННОВАЦИЯ, БІЛІМ, ТӘЖІРИБЕ-БІЛІМ
БЕРУ ЖОЛЫНЫҢ ВЕКТОРЛАРЫ»
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

МАТЕРИАЛДАРЫ

І КІТАП

АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ
КОНФЕРЕНЦИИ
«ИННОВАЦИИ, ЗНАНИЯ,
ОПЫТ – ВЕКТОРЫ
ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ТРЕКОВ»

І КНИГА



Қостанай, 2023

УДК 37.02
ББК 74.00
И 63

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ/ РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Куанышбаев Сеитбек Бекенович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры, география ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының мүшесі;

Жарлыгасов Женис Бахытбекович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор;

Скударева Галина Николаевна, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Мәскеу облысындағы МОУ «Мемлекеттік гуманитарлық-технологиялық университеті» ректорының м.а.; Ресей Федерациясының жалпы білім беру ісінің құрметті қызметкері, Ресей;

Бережнова Елена Викторовна, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Мәскеу халықаралық мемлекеттік қатынастар институты, Ресей;

Ибраева Айман Елемановна, «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ жетекшісі;

Онищенко Елена Анатольевна, «Педагогикалық шеберлік орталығы» жекеменшік мекемесінің Қостанай қаласындағы филиалының директоры;

Демисенова Шнар Сапаровна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі;

Утегенова Бибикуль Мазановна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының профессоры;

Смаглий Татьяна Ивановна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің, педагогика ғылымдарының кандидаты; педагогика және психология кафедрасының қауым.профессоры;

Жетписбаева Айсылу Айратовна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Ы.Алтынсарин атындағы әдістемелік кабинетінің меңгерушісі.

«Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары»: 2023 жылдың 17 ақпандағы Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. I Кітап. – Қостанай: А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023. – 1081 б. = «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков»: Материалы международной научно-практической конференции, 17 февраля 2023 года. I Книга. – Костанай: Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023. – 1081 с.

ISBN 978-601-356-244-5

Жинаққа «Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары» атты Алтынсарин оқулары халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары енгізілген.

Талқыланатын мәселелердің алуан түрлілігі мен кеңдігі мақала авторларына заманауи білім беруді жаңғырту мен дамытудың, осы үдерісте қазақ ағартушыларының педагогикалық мұрасын пайдаланудың жолдарын, мұғалімдерді даярлаудың тиімді технологиялары мен форматтарын әзірлеу мен енгізу мәселелерін, ақпараттық қоғамдағы білім беру кеңістігінің ерекшеліктерін айқындауға, сондай-ақ педагогтердің инновациялық қызметінің тәжірибесін жинақтауға, педагогикалық үдеріс субъектілерін психологиялық-педагогикалық қолдауға мүмкіндік берді.

Бұл жинақтың материалдары ғалымдарға, жоғары оқу орындары мен колледж оқытушыларына, мектеп мұғалімдері мен мектепке дейінгі тәрбиешілерге, педагог-психологтарға, магистранттар мен студенттерге қызықты болуы мүмкін.

В сборнике содержатся материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков». Многообразие и широта обсуждаемых проблем позволили авторам статей определить векторы модернизации и развития современного образования, использования в данном процессе педагогического наследия казахских просветителей, вопросов разработки и внедрения эффективных технологий и форматов подготовки учителей, специфики образовательного пространства в информационном обществе, а также обобщения опыта инновационной деятельности педагогов, психолого-педагогической поддержки субъектов педагогического процесса.

Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям вузов и колледжей, учителям школ и воспитателям дошкольных учреждений, педагогам-психологам, магистрантам и студентам.

ISBN 978-601-356-244-5



9 786013 562445

УДК 37.02
ББК 74.00

© А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023
© Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023

2. Алтынсарин Ы. Избранные произведения Алма – Ата, 1957 г. 7 с.
3. Алекторов А.Е. Тургайская область. Естественные и производительные силы области, хозяйственная деятельность ее населения и народное образование (статистические очерки). Народное образование (Статистические очерки) Оренбург. 1891 г. 12 с.
4. Кабульдинов З.Е., Кайыпбаева А.Т. Казахстан в конце XIX начале XX веков. Алматы, Атамұра, 2012 г. 277 с.
5. Алтынсарин Ы. Киргизская хрестоматия. Оренбург, 1906 г. с. 21.
6. Общечеловеческие ценности как основа духовно – нравственного воспитания школьников // Научное обеспечение функционирования 12–летнего образования: материалы международной научно – практической конференции. – Алматы, 2020. Ч.2 .204–208 с.
7. Оразакова К.Ж, Нарбаев Б.Н. Традиции предков вежливость и воспитанность. Алма – Ата, 2021г. 81 с.

ӘОЖ 37.034

ОЙЫН – БАЛАЛЫҚ ШАҚТЫҢ ӨМІРЛІК ЗЕРТХАНАСЫ

*Тукенова Гульмира Хамитовна
бастауыш сынып мұғалімі
Давлетова Алима Баймағамбетовна
бастауыш сынып мұғалімі
«Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының
«Қостанай қаласы білім бөлімінің Абай атындағы
жалпы білім беретін мектебі» КММ
Қостанай қ., Қазақстан
E-mail: tukenovag08@gmail.com*

Аңдатпа

Бұл мақалада бастауыш сынып оқушылары үшін сабақтарда ойын түрлерін тиімді пайдалану жолдары, ойынның бала үшін білім алуда маңыздылығы және мұғалімнің ойындарды қалай құрастыру керек екені туралы көрсетілген. Дидактикалық ойындарды оқушылардың жас ерекшеліктеріне және оқу бағдарламасына байланысты қалай тиімді пайдалануға болатыны туралы баяндалған. Дидактикалық ойын – тынысы кең, алысқа меңзейтін, ойдан – ойға жетелейтін ғажайып нәрсе, ақыл – ой жетекшісі, денсаулық кепілі, өмір тынысы.

Түйінді сөздер: бастауыш сынып, ойнау арқылы ойлату, сабақтағы ізденіс.

Аннотация

Данной статье рассказывается о том, как эффективно использовать виды игр на уроках для младших школьников, о важности игры для ребенка в обучении и о том, как учитель должен составлять игры. Изложено, как эффективно использовать дидактические игры в зависимости от возраста учащихся и учебной программы. Дидактическая игра – это нечто удивительное, с широким дыханием, далеким намеком, мысленным проводником, залогом здоровья, дыханием жизни.

Ключевые слова: начальный класс, мышление через игру, поиск на уроке.

Abstract

This article describes how to effectively use the types of games in the classroom for younger students, the importance of games for a child in learning and how a teacher should compose games. It describes how to effectively use didactic games depending on the age of students and the curriculum. A didactic game is something amazing, with a wide breath, a distant hint, a mental guide, a pledge of health, the breath of life.

Key words: elementary class, thinking through the game, search in the classroom.

Жаһандану дәуіріндегі білім беру жүйесінде болып жатқан оң өзгерістер қоғамның жас ұрпақ тәрбиесі үшін жауапкершілігі терең сезіліп отырған бүгінгі оқу – тәрбие үрдісінің тиімділігін арттыру бағытында барлық мүмкіндіктер мен ресурстарды пайдалануды көздейді. Дегенмен, оқу – тәрбие үрдісінде барлық ресурстар толық қолданыс таппай келеді. Оқу – тәрбиенің осындай сирек қолданылатын құралдарының бірі – ойын.

Ойын – балалар әрекетінің бір түрі. Ойын арқылы адам баласының белгілі бір буыны қоғамдық тәжірибені меңгереді, өзінің психологиялық ерекшеліктерін қалыптастырады. Белгілі ресейлік ғалым – педагог Л.В.Занковтың айтуынша, сабақтағы ойын элементтерді оқу процесіндегі зерттеушілікті көруге көмектеседі, оқушылардың білімін кеңейтуге, шығармашылық ізденімпаздығы мен зерделілігін арттыруға және оқуға деген ептілігін қалыптастыруға қызығушылығын және ынтасын арттыруға септігін тигізеді.

Баланың жас ерекшелігіне, зейініне сай әдейілеп ұйымдастырылған ойындар баланың ақылын, дүниетанымын кеңейтеді, мінез – құлқын, ерік – жігерін қалыптастырады және пәнге деген қызығушылығын арттырады.

Бастауыш сынып оқушыларының мектепке келгенге дейінгі негізгі әрекеті – ойын десек, оқу – тәрбие үрдісінде олар біртіндеп ойын әрекетінен оқу (таным) әрекетін орындауға бейімделуі тиіс. Ол сабақ барысында пайдаланатын дидактикалық ойындар арқылы жүзеге асырылады.

Дидактикалық, рөлдік – сюжеттік ойындар арнайы мақсатты көздейді және нақты міндеттерді шешеді.

Ойынның мақсаты бағдарламада анықталған білім, білік, дағдылар жайында түсінік беру, оларды қалыптастыру, тиянақтау және пысықтау немесе тексеру сипатында болып келеді. Ойынның міндеті баланың қызығушылығын оятып, белсенділігін арттыру мақсатында іріктеліп алынған нақты мазмұнмен анықталады.

Әдістемелік әдебиеттерде берілген және бастауыш сынып мұғалімдерінің тәжірибесінде пайдаланып жүрген дидактикалық ойындар өте көп. Алайда, олардың барлығы бірдей бүгінгі күннің талаптарынан туындап отырған білім мазмұнының өзгерістеріне, сондай – ақ оқушылардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне сәйкес келе бермейді. Сондықтан ғылыми тұрғыда негізделген дидактикалық ойындар түрлерін сұрыптап, ой елегінен өткізе отырып, ойындар жүйесін және оларды пайдалану әдістемесін ұсыну қажет.

Жалпы дидактикалық ойындар – балалар үшін өзіне тән жүру барысы, мақсаты бар әрекет. Мұндай ойындарды ұйымдастыру қашанда төмендегідей екі мақсатты көздейді:

- танымдық, яғни балада тану, іздену әрекетін дамыту;
- тәрбиелік, яғни үлкендермен немесе өз қатарластарымен қарым – қатынас жасағанда қажетті негізгі дағдыларды, адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру.

Дидактикалық ойындарды құру мына негіздерге сүйенеді:

1. Балалардың іс – әрекетінде ойын түрлерімен оқуды байланыстыру және біртіндеп қызықты, жеңіл ойындардан ойын тапсырмалар арқылы оқу – тәрбие мәселесіне көшу.
2. Ойынның шарты мен оқу міндеттерінің біртіндеп күрделенуі.
3. Берілген тапсырмаларды шешуде баланың ақыл – ой белсенділігінің күшеюі.
4. Оқу мен тәрбиенің мақсаттарының бірлігі.

Дидактикалық ойындарды үш топқа бөлеміз:

1. Заттық дидактикалық ойындар дидактикалық ойын құралдарымен және түрлі ойын материалдарымен ұйымдастырылады.
2. Үстел үстінде ойналатын ойындар: «Лото», «Tarsia», «Домино» және тағы басқа ойындар.
3. Сөздік дидактикалық ойындар: «Сөз құра – тез құра», «Сөздердің соңғы буынан жаңа сөз құра», «Сөздер баспалдағы» т.б.

Дидактикалық ойынның маңызы мынада:

1. Дидактикалық ойын оқушылардың қоршаған дүние туралы түсінігін кеңейтеді, оны бекітіп, нақтылай түседі.
2. Әрбір дидактикалық ойын оқушыны ойнай отырып, ойлай білуге жетелейді, сөздік қорын молайтады, тілдік мақсатта таптырмайтын құрал. Ақыл – ой қызметін қалыптастырады.
3. Ойындар – адамгершілікке тәрбиелеу құралы болып табылады. Дидактикалық ойын ережелері балалардан ұстамдылықты, тәртіпті болуды қажет етеді.

Сабақта ойындарды қолдану бастауыш сынып оқушыларының сол пәнге деген қызығушылығын арттырады, белсенділік танытып, бағдарламалық материалды қажетті деңгейде меңгеруіне ықпал етеді.

Дидактикалық ойындардың тиімділігі олардың сабақтың әр кезеңіндегі орны мен міндетін, мақсатын дәл анықтауға, оны қолданудың теориясы мен практикасын бастауыш сынып мұғалімінің жетік меңгеруіне, шеберлік танытуына, ойынға қажетті материалдарды алдын ала дайындап алуға, ойын үрдісіне оқушыларды белсенді қатыстыруға байланысты.

Төмендегі шарттар орындалған жағдайда дидактикалық ойындарды пайдаланудың тиімділігі артады:

1. егер бастауыш сынып мұғалімі балалардың ойын әрекетін ұйымдастыру жолдарын меңгерсе;
2. егер ойынның түрлі типтерінің өзара әрекеті қамтамасыз етілсе;
3. егер бастауыш сыныптарда қолданылатын ойындар жүйесінде басымдылық дидактикалық ойындарға берілсе;

Бастауыш сыныптардағы сабақтарда дидактикалық ойындарды өткен материалдарды пысықтау, қайталау кезінде қолданған тиімді болады.

Бастауыш сынып оқушыларының бойындағы төзімділік, шыдамдылық пен ұстамдылық өзін – өзі тежеуі сияқты қасиеттердің қажеттілігін алғаш сезінуі осы ойындардан басталады. Жақсы бала бар ынтасымен беріліп, оны білуге, меңгеруге ұмтылады және алуан түрлі дағды, мәліметтерін алып шеберліктерін шыңдайды.

Ойындарды сабақта жиі өткізу ақыл – ойдың, мидың қабылдау процесіне де әсер етеді.

Балалардың денесі мен рухани дамуында ойын әрекеттерінің алатын орнын ерекше айтуға болады. Алты жасар оқушы – ойын баласы. Мектептерге келген шәкірттердің ойыны мектеп жасына дейінгі бұл бүлдіршіндердің рөлдік, сюжеттік ойындарынан басқа мазмұнды құрылуы керек. Бұл кезеңде ойын еңбек ету, білім, тәрбие алудың негізгі құралы ретінде қолданылады. Математика сабағында ойынды жүргізу тек мақсат болмай, шәкірттердің қызығушылығын дамытатындай болуы керек. Мұғалім әртүрлі әдістерді қолданып, ойынды оқушылардың математикалық ойын дамытып тәрбиемен жүйелі байланыстырып отырғаны дұрыс. Математикалық және логикалық ойындарды ұйымдастыру мен оларды жүргізуде мынадай негізгі қағидаларды орындау қажеті және жеткілікті.

1. Ойын ережесін алты жасар бала дұрыс түсініп ұғып алу үшін қарапайым дәл нақтылуы айтылуы керек. Егер материал кейбір оқушылар үшін түсінікті болып, ал қалғандары ойын ережесін түсінбесе немесе математикалық ойынның мазмұнын анық ұстаса, онда ол балаларды қызықтырмайды, тек мақсатсыз жүргізу болып саналады.

2. Ойынды жүргізу негізінде оқушылардың сан қилы ситуациялық жағдайларды шешуге икемділігін дамытып, математикалық тапқырлығын арттырмай, тек белсенділігін арттырса, онда педагогикалық мақсаттың орындалмағаны.

3. Ойынға арналғандидатикалық материал кіші жастағы оқушылар үшін күрделі, тартымсыз жасалып, оны қолдану ыңғайсыз болса, онда ойын ойдағыдай әсерлі болып шықпайды.

4. Ойынды жүргізгенде оның нәтижесі барлық бүкіл оқушылардың қатысуымен тексерілуі тиіс немесе әдейі тексеруші сайланған дұрыс. Ойын нәтижесінің қорытындысы ашық және әділ бағалануы қажет. Ойын қорытындысы бойынша «жеңімпазды» анықтау кезіндежіберілген сәл қате, әділетсіздік оқушылар санасында жағымсыз ой қалдырады.

5. Оқушы ойынға белсенді қатысу үшін, оны ұзаққа созбай, оқушыларды күттірмей ережесін түсіндергеннен кейін тез жүргізіп, қорытынды сол бойда хабарлап, «жеңімпаздарға сыйлық берілуі керек немесе оларды мадақтаған дұрыс.

6. Егер сабақ кезінде шәкірттердің ойын қалыптастыратын және ойлауын дамытатындай бірнеше ұқсас ойындар жүргізілсе онда ойынды қарапайым түрден бірте – бірте күрделендіруге және нақтыдан абстрактылы түрге көшкен тиімді болады. Бұл әдісті әсіресе логикалық ойындарды жүргізгенде пайдалану қажет.

7. Сабақта ойын әдісін оның мақсатына, мазмұнына және тақырыбына қарай қолдану тиімді. Ойынды шамадан тыс, қажетсіз жерінде қолдану кері әсерін тигізеді.

8. Ойын әдістерін сабақта қолданғанда нақтылы тапсырма, мақсат, міндеттер шешілуі тиіс.

Сабақта тиімді қолданылған ойын түрлері мұғалімнің түсіндіріп отырған материалын оқушылардың аса зор ілтипатпен тыңдап, жемісті меңгеруіне ықпал етеді. Өйткені бастауыш сынып оқушылары жас ерекшеліктеріне байланысты ойынға аса қызығушылықпен, ынталы келеді. Балалар тез серпіп, тапсырманы жылдам, дұрыс орындайтын, болады.

Тіл ұстарту сабақтарында ширату тапсырмалары жиі орындап отырса, балалардың сөзік қоры молайып, өз тілінде еркін сөйлеуге көп мүмкіндік болар еді. Ширату тапсырмаларында тұрақты сөз тіркестерін, мақалдың жалғасын тап деген смияқты тапсырмаларды жиі қолданамын. Мысалы:

Жел тұрмаса, шөптің _____

Ит жоқта, қорада _____

Су ішкен _____

Екі кеменің басын ұстаған _____

Көз – қорқақ, _____

Бір құмалақ бір қарын _____

Ол не?

Ойында біреу, орындықта екеу, адамда жоқ, ал ықылықта үшеу. –

Күндіз ұйықтайды, ал түнде ұшып, жүргіншілерді қорқытады –

Тауықтың ортасындағыны ата –

Ол аяғымен су ішеді –

Оның тісі күнде іседі –

Су жинайтын бөгет –

Қарсы мағынасы бар сөздерді ойлап жаз.

батыр – оңға –

ерте – жоғары –

пайда – ренжу –

жалқау – қызару –

Қазақ тілі сабақтарында буын тақырыбын өткенде буын түрлеріне келесі ойынды ойнатуға болады:

Берілген суреттерден бітеу буынды құқстарды тап, атын жаз.



сурет – 1 сурет – 2 сурет – 3 сурет – 4

«Ойлан, тап!».

Бір буынды тұйық буынға мысал келтір (ат, ет, ант, өрт).

«та» буынына аяқталатын екі буынды сөз ойла (баста, аяқта).

«Т» әрпінен басталып, «т» әрпіне аяқталатын бір буынды бітеу буынға мысал келтір (төрт, торт).

«Б» әрпінен басталатын екі буынды құс аты және аң аты (бұлбұл, бұғы)

Фонетика саласы бойынша «Кім жылдам?» ойыны.

1. «А» әрпінен басталатын қала аттарын жазыңдар. Мысалы: Алматы, Астана, Ақмола(Ол қалалардың қай жерде орналасқанын картадан көрсетіп, қала туралы не білетінің сұрау).

2. Тек қана (а, е, ы, і) дауысты дыбысы бар сөздер ойлап жазыңдар. Мысалы: (а) бала, тамаша, қараша, ..., (ы) ыдыс, ыстық, қырық, мысық, сызғыш, ..., (е) ертең, керек, сен, кеше... .

3. Қай жағынан оқыса да мағынасы өзгермейтін сөздерді ойлап жазыңдар. Мысалы: Азиза, нан, қырық, қазақ, көк, ...

Морфология саласы бойынша «Кім тез тауып оқи алады?» ойыны.

Төмендегі сөйлемде сөздердің орын тәртібі ауысып жазылған. Оны тиісті тәртібіне келтіріп, кім тез тауып оқи алады?

1. Біз сабағында математика неше түрлі есеп шығарамыз.

2. Сабағы кеше сурет болды.

3. Дене тәрбиесі спортзалда сабағы өтеді..

4. Отыр сабақта 25 оқушы.

5. Әкелдік кітап, дәптер, күнделік, қалам сабаққа біз.

Математика сабағында қазақтың ұлттық ойындары қолданылады. Математика пәні бойынша сабақтың ерекшелігіне қарай тиімдірек деген ойын түрлерін сабақтың мақсатына қарай тандап алуға еркіндік беріледі.

Түрлендіру, әр – түрлі мүмкін талаптар сияқты іс – әрекеттер орындайды. Ойынды іріктеп алуда тек қана оқушының орындалатын іс – әрекетімен шектеу жеткіліксіз. Ойынды ұйымдастыру және басқарудың сипатымен жолдары да ойластырылады. Мәселен, ойынды жарыс түрінде өткізу, аралық және ақтық нәтижелерді көрсету үшін карточкаларды фишкаларды, тағы да басқа әр түрлі шартты белгілерді, цифрлар мен таңбаларды жұлдызшаларды, жалаушаларды және т.б. пайдалану. Сонымен бірге ойын кезіндегі көрнекілік түрлерін де сабақтың қай кезеңінде дәл өткізілуіне орай өзгертіп тұруға тура келетінін ескерген жөн.

Мысалы, жаңа материалды баяндау кезеңінде ұйымдастырылатын ойындарда оқушылардың нақты заттар тобын немесе олардың суретін пайдаланып практикалық тұрғыда жұмыс істеуін қамтамасыз ету керек болса, ол өткенді жинақтау кезеңіндегі ұйымдастырылатын ойындарда көрнекіліктің шектеулі болуы мүмкін де ереже, кесте мен заңдылық, есептеу тәсілдерін дауыстап айтуға көңіл бөлінеді.

Ойлан тап

А) Әр қатардан артық санды тап. Оны сыз.

2436 324 5016 80425

6302 5207 7625 9001

8127 7158 9102 43860

Ә) Заңдылығын анықтап, сандар қатарын жаз.

200, 225, 250.....

3000, 2300, 1600.....

318, 330, 342.....

4000, 3926, 38522.....

Жалпы ойынның қандай түрі болмасын атадан балаға, ұрпақтан – ұрпақа ауысып отырады. Тапқыр, алғыр, шымыр, епті, қайратты, қажырлы бала өсіруді армандамайтын ата – ана жоқ. Сондықтан ойынның өзі бала үшін біліктің, тәлімнің қайнар көзі болып табылады. Менің ойымша сабақта ойындарды қолдану, сабаққа өзгеше нәр беріп, жаңартып тұрады. Ал балалар ойнай да білсін, ойлай да білсін!

Әдебиеттер тізімі:

1. Нарқұлова Б. «Бастауыш мектеп» 2007, №12. // 16–18 б.
2. Баймағамбетова А.А.; «Бастауыш мектеп» 2002, // 63 б.
3. Калмыкова Е.В., «Бастауыш мектептегі ойын технологиясы арқылы оқыту». // 2007 34 б.
4. Ерешева К., Үсенова Н., Фазылова А. Логика әлемі // 2011ж. 23 б., 40 б.

УДК 37.015.311

ПОЛИЭТНОКУЛЬТУРНОСТЬ В ОБРАЗОВАНИИ – РЕАЛЬНОСТЬ СОВРЕМЕННОГО ОБЩЕСТВА

Туктушева Айжан Кусаиновна
учитель русского языка и литературы
КГУ «Общеобразовательная школа имени Абая
отдела образования г. Костаная»
Управления образования акимата Костанайской области
г. Костанай, Казахстан
E-mail: atuktusheva@yandex.kz

Аннотация

Актуальность и цель. Основная идея статьи заключается в раскрытии основ и истории возникновения источников полиэтнокультурного образования и воспитания в казахстанской школе. Приведена историография казахстанских ученых в области исследований полиэтнической культуры. Автор раскрывает основные черты полиэтнокультурности. Остается открытым вопрос о процессах формирования и развития полиэтнокультурного образования в педагогической деятельности великих педагогов – просветителей И.Алтынсарина и С.Кубеева. Показывает, что одна из главных задач современного образования – это приобщение казахского народа к прогрессивной мировой культуре, укреплению дружбы между народами.

Ключевые слова: поликультурное образование, полиязычие, этнокультурная идентичность, этнические группы, многообразие культур, кросс – культурность, национальная культура.

Андатпа

Өзектілігі және мақсаты. Мақаланың негізгі идеясы қазақстандық мектепте полиэтномәдени білім мен тәрбие көздерінің пайда болу тарихы мен негіздерін ашу болып табылады. Қазақстандық ғалымдардың полиэтникалық мәдениетті зерттеу саласындағы тарихнамасы келтірілген. Автор полиэтномәдениеттің негізгі ерекшеліктерін ашады. Ұлы педагог – ағартушылар И.Алтынсарин мен С.Кубеевтің педагогикалық қызметіндегі көпмәдениетті білім беруді қалыптастыру және дамыту процестеріне тоқталады. Қазіргі білім берудің басты міндеттерінің бірі – қазақ халқын прогрессивті әлемдік мәдениетке баулу, халықтар арасындағы достықты нығайту екенін көрсетеді.

Түйінді сөздер: көпмәдениетті білім беру, көптілділік, этномәдени сәйкестілік, этникалық топтар, мәдениеттердің алуан түрлілігі, мәдениетаралық, ұлттық мәдениет.

Abstract

Relevance and goal. The main idea of the article is to reveal the foundations and history of the emergence of sources of multi – ethno – cultural education and upbringing in the Kazakh school. The historiography of Kazakh scientists in the field of research of polyethnic culture is given. The author reveals the main features of polyethnic culture. It dwells on the processes of formation and development of multi – ethno – cultural education in the pedagogical activity of the great educators I. Altynsarin and S. Kubeev. It shows that one of the main tasks of modern education is to introduce the Kazakh nation to progressive world culture, to strengthen friendship between peoples.

Key words: multicultural education, multilingualism, ethnocultural identities, ethnic groups, cultural diversity, cross – culturalism, national culture.

В современной образовательной системе Казахстана центром является человек, воспитывающийся и развивающийся в полиэтнокультурном пространстве. Резкий подъем национального самосознания, стремление к этнической и обуславливает огромный интерес народов не только к своей национальной культуре, но и к культуре народов ближайшего и отдаленного национального окружения. Прежде чем остановиться на основах полиэтнокультурного образования, необходимо раскрыть само понятие «полиэтнокультурное образование». Полиэтнокультурное образование и воспитание – это образование и воспитание, включающее в себя организацию и содержание педагогического процесса, в котором представлены две или более культуры, отличные по языковому, этническому, национальному или расовому признаку. Это усвоение знаний об иных культурах, осознание различий и сходств, общего и особенного между культурами, традициями, образом жизни, формирование позитивного, уважительного отношения к многообразию культур и их представителям.

Основа полиэтнокультурного образования состоит в том, чтобы сформировать навыки, отношения, знания, которые нужны человеку для установления благоприятных отношений взаимнообмена